

**Сәтбаев қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 387 "Күндізгі оқу нысанындағы оқушылардың қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ұлытау облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 29 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 маусымда № 30-20 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2026 жылғы 25 мамырдағы № 278 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 25.05.2026 № 278 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Сәтбаев қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Сәтбаев қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 387 "Күндізгі оқу нысанындағы оқушылардың қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5323 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1. Облыстық бюджеттің есебінен қаржыландырылатын, Сәтбаев қаласында ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жол жүру билетінің толық құнының елу пайызы мөлшерінде (каникул кезеңдерін және әр аптаның демалыс күндерін қоспағанда) жеңілдікпен жол жүру құқығы берілсін."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сәтбаев қалалық мәслихатының төрағасы*

*К. Балмагамбетов*